

**Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне (арнаулы (әскери) оқу орындарының курсанттарынан, тыңдаушыларынан басқа) тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет көрсетулерге төлем жасауға ақшалай өтемақы төлеу қағидаларын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1122 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 5 тамыздағы № 532 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2022 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакция - ҚР Үкіметінің 16.11.2018 № 748 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

### **БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

#### **РҚАО-ның ескертпесі!**

**Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.**

"Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 ақпандағы Заңының 73-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне (арнаулы (әскери) оқу орындарының курсанттарынан, тыңдаушыларынан басқа) тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет көрсетулерге төлем жасауға ақшалай өтемақы төлеу қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакция - ҚР Үкіметінің 16.11.2018 № 748 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 25 ақпаннан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

**Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне (арнаулы (әскери) оқу орындарының курсанттарынан, тыңдаушыларынан басқа) тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет көрсетулерге төлем жасауға ақшалай өтемақы төлеу қағидалары**

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакция - ҚР Үкіметінің 16.11.2018 № 748 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Осы Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне (арнаулы (әскери) оқу орындарының курсанттарынан, тыңдаушыларынан басқа) тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет көрсетулерге төлем жасауға ақшалай өтемақы төлеу қағидалары арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне (арнаулы (әскери) оқу орындарының курсанттарынан, тыңдаушыларынан басқа) тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет көрсетулерге төлем жасауға ақшалай өтемақы төлеу үшін ақшалай өтемақы (бұдан әрі – ақшалай өтемақы) төлеу тәртібін анықтайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакция - ҚР Үкіметінің 16.11.2018 № 748 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Қызметкерлерге ақшалай өтемақы төлеу қызметке алынған күннен бастап төленіп, қызметтен босатылуына байланысты арнаулы мемлекеттік органның жеке құрам тізімінен алынған күнінен бастап тоқтатылады.

3. Ақшалай өтемақының мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға сәйкес анықталады.

4. Ақшалай өтемақы төлеу туыстық қатынастары мен бірге тұруына карамастан (яғни күйеуіне, әйеліне, балаларына, егер олар арнаулы мемлекеттік органның қызметкері болып табылса) жүргізіледі.

Ақшалай өтемақы арнаулы мемлекеттік органның қызметкеріне ағымдағы ай үшін ақшалай үлес төлеумен бір мезгілде төленеді.

5. Мемлекеттік органдарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мекемелеріне немесе халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберілген қызметкерлерге ақшалай өтемақыны олар іссапарға жіберілгенге дейін штатында болған органдар төлейді.